



## Ауыл айнасы

**Қ**абағы қату күз аспаны «жаусам ба, жаумасам ба» дегендей, қар аралас жаңбырын ақырын себелейді. Бұл қарашаның келдім дегені. Ауадағы болмашы ызғар да «қысқа қамданыңдар!» деп тұр. Жалпы, жылдың осы мезгілінде орындамауға болмайтын қатан

бұйрық бар. Алайда бұл бұйрықты Қарасу жұрты елейтін емес. Қысқа ерте әзірленген ел отын-шөбін үйіп, етек-жеңін жиып алғалы қашан.

Округ орталығы Бесқауға ауылы Екібастұз қаласынан Мәшһүр Жүсіп Көпеев ауылына (Баянауыл ауданы) барар жолда жатқандықтан, Мәшһүр Жүсіп кесенесін бетке алған жолаушылар осы ауыл арқылы өтеді. Әрине, жолаушыға керегі - жайлы жол. Екібастұздан шыға бере үзілетін асфальт ирелендеген қара жолға ұласады. Байқап жүрмесен, селкідетіп берекенді алатын ойқышойқы жолды былтыр ғана (Мәшһүр баба кесенесі ашылар кезде) тегістелді дегенге сену қиын. «Алтын жол» фирмасы оны жақында тағы да жөндегелі жатыр екен. Ал Бесқауадан кесенеге апаратын жолды Павлодар қаласының екі фирмасы желтоқсан айына дейін жөндеп бітіруді жоспарлап отырған көрінеді (оған қаржы республикалық бюджеттен бөлінген).

«Сырт көз сыншы» деген емес пе, Бесқауға ауылының тұрмысы былайғы бөтен жолаушының да назарынан қағыс қалатындай емес. Сонадайдан көзге шалынатын ақшаңқан үйлердің айналасы жылан жалағандай таза. Көшелерде коқыс үйінділері көрін-

мен ешкім айналыса қоймайды.

Бесқауғалықтарға ауыз суды «Болат» ШҚ скважинадан тасып беріп жүр. Жақын арада КБМ құдығы іске қосылып, су мәселесі біржола шешіледі.

Жалпы, ауыл халқына барлық қажетті жағдай жасалған: басы ауырып, балтыры сыздағандарға фельдшерлік пункт есігі ашық, пошта аптаның әр жұмасында кешікпестен хат-хабарын әкеліп тастайды, жарыса безілдеп, амандық-саулықты жеткізетін 53 телефоныңыз және бар. Түнгі Бесқауға, ол да самаладай шамдары жарқырап, таяққа сүйеніп далаға шығатын әрбір қарияның алғысына шомылуда. Бұған дейін көшелерге 33 шам орнатылған болса, келесі жылы тағы 10 жарық қосылады.

Ауыл ортасында аппақ жұмыртқадай жарқыраған Алланың үйі - мешіт бар. Ғимараты ескі болғанымен, жылда жеңіл-желпі жөндеу жұмыстары жүргізілетін мешіт үйі жекешелендірілген. Оның отын-су, басқа да шығындарын жергілікті шаруа қожалықтары көтеріп отыр. «Жұртты имандылыққа бет бұрғызу қиындау», - деп қалды бір сөзінде округ әкімі. Әйтсе де ауылда тәрбиелік мәні бар жиындар жиі өткізіледі. Ал 31 мамыр - саяси қуғын-сүргін құрбандарын жоқтау күнінде мар-

жеткілікті. Биыл қожалық 1100 га егін салыпты, оның 700 гектары бидай, 300 гектары арпа, 100 гектары күнбағыс. «Қамырлылығы жақсы болғандықтан, астығымыздың бағасы 28-36 теңге аралығында» дейді қожалық басшысы Рамазан Қайроллаұлы, - Жолқұдық элеваторына өнімімізді келісін 29 теңгеден өткізіп жатырмыз». Рамазанның келешекте астықты ешқайда тасымал, ауылдан-ақ ұқсататын ойы бар. Украинадан қуаты 7-8 тонналық диірмен де алғызып қойыпты. Демек, қарасулықтарға өз диірменінен нан жейтін күн алыс емес.

Шаруа қожалықтары арзандатылған жанар-жағар май, жеңілдетілген несие сияқты үкімет тарапынан жасалып жатқан жәрдемді ұтымды пайдалануда. Оның үстіне, биыл егін шаруашылықтарына гектарына 660 теңгеден субсидия бөлінгені белгілі. Мұндай жәрдем, әрине, шаруаны ширатуға ықпалын тигізбей қоймайды.

«Болат» шаруа қожалығының да көктемде 6 ай мерзімге алған 1 млн. 600 мың теңге несиенің қызығын көрген жайы бар. Қожалық басшысы Темірәлінің «Биыл бидайдың бағасы жақсы!» деген үнінен үкімет қамқорлығына деген ризашылық сезіледі. «Болат» шаруа қожалығы биыл 300 га қа-

Округ әкімі Ераxмет Айтпышев



Ауыл мешіті



# Астық көп.

бейді: тұрғындар ауылды таза ұстап, коқысты уақытылы, ұйымдасқан түрде шығаруды әдет қылған. «Болат» шаруа қожалығы коқыс шығаратын көлік жағына кел-

құмдарды еске алып, ас беру, дұға оқыту және зират басын тазалау қарасулықтардың талай жылдан жалғасып келе жатқан қасиетті дәстүрі.

рақұмық, 300 га күнбағыс, 1100 га бидай - барлығы 1700 га егін салған көрінеді. Күнбағыс пен қарақұмықтың өнімділігі егістіктегі ызындауық жәндік - ара тозанына



ған. «Болат» шаруа қожалығы қоныс шығаратын көлік жағына келгенде, ешкімнің қолын қақпайды. Биыл салынған жемтік көметін орын да ауыл тазалығын сақтауға үлесін қоспақ. Әр жерде қаруытқан иесіз үйлердің кірпішпен қаланып, ыждағаттылықпен бекітілген есік-терезелерінде «менің де бір керегім болар» деген үміт жытылдайды. Мал қоралардың төбесінде - қарияның сәлдесіндей ұқыпты жиылған шөмелелер. Аулаларда алаңсыз күйсеген тоқты-торпақ пен қыт-қыттаған қораздан да көтеріңкі көңіл-күй байқамау мүмкін емес.

**Қ**арасу ауылдық округінің әкімі Ерахмет Қалкенұлы Айтпышев кеңестік кезеңде талай кеңшарды басқарған, ел билеуді бір кісідей-ақ білетін іскер азамат. Қазір де ауыл жұртын сүтті ұйытып, шаруаны ұршықтай иіріп отыр.

Осы округке жолымыз түскенде, әкімінің де, тұрғындарының да газетімізге деген ыстық ықыласы көңілімізге қанат бітіргенін жасырмалық. Қонақтарды құшақ жайып қарсы алуға үйренген қарасулықтар қауқылдаса жүріп ауылды аралатып, тұрмыстарының жай-күйімен бізді етене таныстырды.

Қарасу ауылдық округіндегі халық саны 519. Елдің негізгі кәсібі - мал шаруашылығы. Бүгінгі күні халықтың қолында 1970 ірі қара, 2456 қой-ешкі, 221 жылқы, 930 шамалы құс бар. Еті мен сүтін, жұмыртқасын жұрт қала базарына апарып, пұлға айналдырады. Жер тастақ, бау-бақшаға қолайсыз болғандықтан, көкөніс егу-

жалғасып келе жатқан қасиетті дәстүрі.

Округ халқының 40 пайызын оралмандар құрайды. Бәрі де баспаналы, үй-жайлары заңдастырылған, негізінен мал өсірумен күн көреді. Биыл оралмандар қатары тағы 2 отбасымен толықты. Оның біреуі үкімет тарапынан бөлінетін көмекке қол жеткізу үшін құжаттарын ресімдеу үстінде, ал қаладан көшіп барған отбасы мүшелері жұмыссыз ретінде тіркеуге алынды. Жұмыссыз демекші, бұл округте жұмыссыздар саны қазір бесеу, әлеуметтік көмек алатыны екеу екен.

**Б**есқауғада жүргенімізде «Екі азаматымыздың арқасында ауылымыз жағдайы тым жақсы» дегенді құлағымыз жиі шалды. Екі азамат дегендері - егін шаруашылығымен айналысып, жерананың несібесімен елін жарылқап жүрген Рамазан Бейсембеков («Тілек» шаруа қожалығы) пен Темірәлі Чибентаев («Болат» шаруа қожалығы). Олар бүгінде бүкіл ауылды отын-сумен, жем-шөппен, үнмен қамтамасыз етіп отыр.

Кеңшарлар тараған тұста Қарасудың басында 21 шаруа қожалығы ашылса, бүгін соның екеуі ғана қалды. Бастапқы 3 жылда құрғақшылықтың салдарынан егін шықпай, салған қаржылары далаға кетіп, жігіттер өбден зуре-сарсаңға түскен. Дегенмен бастаған істі орта жолда қалдыруды ар көрген Рамазан мен Темірәлі 2002-2003 жылдардан бері жұмысқа бел шеше кірісіп, бүгінде еңбектерінің жемісін көре бастады.

«Тілек» шаруа қожалығында қазір 4 жұмыскер бар. Техника жағы

құмықтың өнімділігі егістіктегі ызындауық жәндік - ара тозаңына тәуелді. Тозандандыру ісі қолдан келмегендіктен, қарақұмық айтарлықтай өнім бере қоймапты. Ал күнбағыс өсірудің болашағы зор: осыдан біраз ғана уақыт бұрын жалпақ жұрт күндер мен базарлардан күнбағыс майын таба алмай, сабылған жоқ па? Бір қуанарлығы, «Болат» шаруа қожалығы күнбағыс тартып, май өндіруге дағдылана бастады. Әзірге кеспектеп май алып жатпаса да, ауыл халқына біразға дейін майды алыстан іздетпейтіндей. Биыл егілген 5 гектар картоп та қарасулықтардың қара табасын қыс бойы шыжылдатуға жетеді.

**Д**икандық - екінің бірінің қолынан келе бермейтін өнер. Жерді жүрегімен сүйе білмеген адамның одан жеміс жеймін деуі де бекер. Басқа біреу болса, егін шықпаған жылдары-ақ қол сілтеп, басқа іспен айналысып кете берме еді дейсін. Бірақ Жер-Анаға деген махаббат Темірәлі мен Рамазанды егіншілікке біржола байлады. Темірәлінің: «Егін де бала сияқты. Қылтып шыққаны қызық. Өскені қызық. Жиып-теріп алғаның одан да қызық. Баладай баптап, қорғамасаң бола ма?»- деген жүрекжарды лебізінен өз ісіне деген адалдық пен сүйіспеншілік сезілді. Баласын сүйген мейірбан өзе ғана осылай дей алар.

Шаруашылықты басқару үшін, әрине, еңбеккер ұжымның тілін тауып, әр адамның жұмысқа құлшынысын оята білмесе болмайды. Темірәлі Құсайынұлымен әңгімелесе жүріп, осы бір елгезек

азаматтың қоластындағы әр жұмыскерінің мінез-құлқын жақсы танып, оларды бір жұдырықжажұмылдыра білгендігіне куә болдық. Тілектес Дүйсембинов, Максұт Колумбаев, Виталий Филинков, Самиголла Каримов, Мадияр мен Мейрам Чибентаевтар, Юсуф Айдаболов, Алтын Чибентаева, Қалампыр Әлеева - бәрі де мақтауға тұрарлық жұмыскерлер. Қазақша сөйлегенде сөзден анау-мынау қазакты сүріндіретін Виталиймен кішігірім МТМ басында кездестік. Жас тракторшы темір тұлпарының тетіктерін саусақтары жып-жып етіп жөндеу үстінде. Самиголла Кәрімов те тракторының кем-кетігін түзеп, жұмысқа дайындықты пысықтап жатыр.

Егістік басында айлап-апталап қона жүріп еңбектенетін механизаторлардың өмірі оңай емес. Осындайда Тілектес Дүйсембиновтей азаматқа жылы пештің түбінде шалқайып газет оқып жатудан гөрі астықты алқапта комбайнмен сары бидай сапыру әлдеқайда қызықтырақ. Ал Максұт Колумбаев - техниканың жағдайын жан-тәнімен сезініп, онымен тілдесе білетін, білгенін жастарға үйре-

са, осымен 33-ші рет түлектермен қоштасу кешіне куә болмақ екен.

Оқушылар Т. Чибентаев, Р. Бейсембеков, Б. Әлеев, А. Жетпісбаев сынды азаматтардың және ауылдағы шағын дүкен иелерінің арқасында ыстық тамақпен түгелдей қамтамасыз етілген.

«Еңбекпен табылған дәм бәрінен тәтті», әрине. Демеушілерге қарап қол қусырып отыру бұл мектеп оқушыларына жат қылық. Олар жаз бойы кезектесіп өздері екен картопты баптап, суғарып, арамшөбін жұлып, түптеп, бір сөзбен айтқанда, көздің қарашығындай қорғап, айтарлықтай өнім жиып алды. Картоп ұрада қысты күтіп жатыр. Айта кетерлігі, Қарасу орта мектебінде оқушыларды еңбекпен тәрбиелеуге қатты мән берілген. Тәртібі нашар оқушылар жаз бойы шаруа қожалықтарының қарамағында жұмыс істеп шығады.

Жылда оқу жылына дайындық, яғни мектепті жөндеуден өткізу бойынша Қарасу орта мектебі Екібастұз аймағындағы мектептер арасында 1, 2-ші орындарды бермей келеді. Мұндағы 10 кабинет төлқұжатқа ие.

Мектепте бірнеше жылдан бері шешілмей келе жатқан бір проблема-мамандар тапшылығы. Мысалы, 4 жылдан бері физика маманы болмай, осы оқу жылында ғана қаладан жас маман барған. Бірақ тәжірибесіз.

Жас мамандарға жағдай туғызуға мектеп директоры да, ауыл әкімі де

**Қ**арасу - тыныштық орнаған, ұрлық-қарлығы жоқ бейбіт ауыл. Мұндай татулық, бәлкім, жұрттың қоғамдық іс-шараларға жаппай тартылуында болар? Олай дейтініміз, атаулы мерекелерде ешкім ұмыт қалмайды, іс-шараларға әркім міндетті түрде қатыстырылады. Жастар да ұйымшыл.

Қарасу ауылындағы жастар орталығы бізге әлдеқашаннан таныс. Қазір оны Сәйділдин Серік басқарады. Орталықта ұйымдастырылатын түрлі сайыстар мен кештердің әрқайсысы - жастар үшін бір-бір тәрбие сабағы.

Еңбекқор, өнерлі жастарға қай істе болмасын бағыт беріп, басы-қасында жүретін - ауыл клубының меңгерушісі Айман Шәріпова. Жакында ғана ол Республика күніне арналған кеш өткізіп, қарасулықтардың басын қосқан еді. Клубтағы «Армандастар» ансамблінің өнерпаздары Болатбек Қапсәмет, Ретхан Дүйсембенова, Құдабай Амантай, Тасболат Қазез, Алмасхан Заятхан әзірлеген концерт бұл жолы тағы ерекше болды деседі.

Жастардың бәрінен де жақсы көретіні - әр сенбі сайын ұйымдастырылатын би кештері. Құрбы-құрдаспен сырласып, бұрала билеген бойжеткенмен әзіл жарастырып, қолтықтасып үйге бірге қайтатын мұндай кештерге жетер не бар дейсін жастар үшін?



Тілектес Дүйсембинов



Рамазан Қайроллаұлы



# КӨҢІЛ ТӨҚ

туге ерінбейтін маман. Максұттың саусағы тиген техникадан ақау атаулы аулақ жүреді.

дайын. Оның үстіне, жастарға мемлекет тарапынан да бір реттік көтерме ақы төленетіні белгілі. Осыған қарамастан, жастарда ауылға баруға

**Қ**арасудан қайтарда Расолла Ыбырайхан атты оралманның үйіне ат басын бұрдық. ҚБМ құдықта күзетшілік қызмет атқаратын Расол-

жүреді.

Бесқауғаны ауыл шетіндегі қызыл қырман ажарландыра түсіпті. Алтын Чибентаева мен Қалампыр Әлеева астық елегіш машинамен жарысып күректерін онды-солды сілтеуде. Қарулы білекке ғана бағынатын қара жұмысты кәзік жандылар еш қиынсытатын емес. Жұртты жарысқа шақырып, жанталаса жүйткіген машинаның астауына бидайды шапшаң құйып жатыр. Енді бірде қалдықтарды сыпырғышпен тазалап қояды. Електен өткен таза бидай камбада тау-тау боп үйіліп жатыр. Электр қуатымен басқарылатын машинаны басқару Юсуф Айдаболовтың мойнында. Ол бір бүйірге суылдап ағып жатқан қалдықтарды арбамен шарбақ сыртына тасып жүр. Қырман сыртында жайылған біренсаран малға көзінің астымен қараған сақ төбет те момын күйде. Бұл ауылдың ұры-қары дегенді ұмытқанын ол да біліп жатыр-ау.

Әрбір ауылдың жүрегі мектеп қой. Бесқауғадағы үш қабатты ғимарат ауыл енесінен одан әрі биіктеге түседі. 11 жылдық білім ордасын 11 жылдан бері тәжірибелі ұстаз Бағила Раханқызы Бекбауова басқарып келеді. Алтын ұядан алдағы жылы 3 қарлығаш қанат қаққалы отыр. 1975 жылдан бері осы шаңырақта еңбек етіп келе жатқан Бағила Раханқызы, құдай бұйырт-

қарамастан, жастарда ауылға баруға мүлдем құлық жоқ. Бесқауғада жас мұғалімдерге арналып қойылған үйдің қанырап бос тұруы да - соның айғағы.

Бағила Раханқызы әңгіме арасында қазір ата-аналардың бұрынғыдай емес, бала тәрбиесіне баса мән беріп, мектеппен тығыз қарым-қатынас жасауға үйреніп келе жатқандығын тілге тиек етті. Қуанышты, әрине.

**К**өзі ашық, көкірегі ояу Қарасу халқы рухани әлеммен біте қайнасып жатыр. Ауыл кітапханасы да олардың әдеби-мәдени дамуына үлесін қосып келеді. Мұнда 7300 кітап бар, соның қазқашасы - 4600. Кітапхананың тұрақты оқырманының саны - 250. Кітапханаға былтыр 270 жаңа кітап келсе, биыл тағы 45 кітаппен толықты.

Тұрғындар газет-журналдарды да белсене оқиды. Алдағы жылы кітапханаға басылымдар жаздыртып алуға 13000 теңге бөлініпті. Қарасулықтардың әкімдері Ерахмет Айтпышев бас болып, бір үтірін қалдырмай талдап оқитын газеттерінің бірі өзіміздің «Отарқа» екендігі - біз үшін де мәртебе. Сөз орайы келгенде, Ерахмет Қалкенұлы газет оқырманы ретінде өзінің пікірін білдіріп қалды: «Қазір шежіреші қариялар жоқтың қасы. Үлкендер жағы тарихты білмейді. Сондықтан газеттеріңізден болашақта естелік әңгімелерді, тарих пен шежіреге қатысты дүниелерді және сөз мәйегі - мақал-мәтелдерді көбірек оқығымыз келеді. Жергілікті ақындардың өмірбаяндары мен шығармашылықтарына да халықтың қызығушылығы басым».

ат басын бұрдық. КБМ құдықта күзетшілік қызмет атқаратын Расола қолынан бәрі келетін бесаспап маман, қолөнерші екен. Тап-тұйнақтай үйде үш бала отыр. Бір қарағаннан-ақ бұл отбасының баланы оқыту мен тәрбиелеу үшін қолдан келгеннің бәрін жасауға тырысатыны көрініп тұр. Қазақтың ертегі кітаптары, компьютер, басқа да құралдар балалар үшін алынған. Бір бұрышта синтезатор жалтылдайды: Расолланың той-думанды әнмен әрлейтін серігі. Күлгенде екі бетінде шұқыр шыға келетін кішкентай сары қыз - 4-сынып оқушысы Еркегүл. Ерке емес, ақылды бала. Талабы зор көрінеді: былтыр «Қарасуды қыстайтын құстар» атты зерттеу жұмысымен айналысып, қалалық байқауға қатысыпты. «Қарасуда 17 түрлі құс бар екендігін анықтадым», - дейді үлкендерше. Бала болса да, өзі алғаш танысқан әсем аққуларды атуға болмайтынын, көкектің жұмыртқасын бөтен ұяға тастап кететін тұрақсыздығын, айыр құйрық қарлығаштың өз баспанасын тек адамзатқа жақын жерден сайлайтынын да біліп қалыпты. «Құстар қанатты достар. Жерді, өсімдіктерді, жапырағы жайқалған ағаштарды зиянкес жәндіктерден сақтайтын солар». Кішкентай ғалымның ойлы сөздерінде туған жерге деген сүйіспеншілік, құрмет басым. Осы кезде ауылдағы үлкендердің «ауылға жастар жолағысы келмейді» дегендері есіме түсті. Ауылды сүюді солар үйренсе ғой дейсің, шіркін!..

**Жанаргүл Қадырова,  
Бесқауға ауылы**



**Еркегүл Ыбырайхан**



**Клуб үйі**



**Астық қоймасында**

**Мақсұт Колумбаев**